

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 мамырдағы № 176 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 маусымда № 4120 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазығұрт ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Қазығұрт ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.А.Тұрсынқұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі

істер департаменті Қазығұрт аудандық

ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

бастығы

_____ Б.Б. Зиятаев

"22" 05 2017 жыл

Т.Т. Телғараев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің

2017 жылғы 18 мамырдағы

№ 176 қаулысына 1-қосымша

Қазығұрт ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі

1. Осы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің тәртібі Қазығұрт ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін айқындайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 27 қарашадағы № 641

бұйрығымен бекітілген Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлеріне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3326 тіркелген) жүзеге асырылады.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін аудан әкімдігі құратын Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті Қазығұрт ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ішкі істер бөлімі) енгізеді.

5. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

6. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) Қазығұрт ауданының Құрмет грамотасы;
- 2) ақшалай сыйақы;
- 3) құнды сыйлық.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша ішкі істер бөлімі бастығының бұйрығы шығарылады.

9. Ішкі істер бөлімі ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

10. Көтермелеулерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті 252 003 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу" бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.

11. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді ішкі істер бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 18 мамырдағы
№ 176 қаулысына 2-қосымша

Қазығұрт ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшері

1. 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

2. Бағасы 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнды сыйлық.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК